

Қазақстан Республикасы азаматтық және экспериментальдық авиациялары әуежайларын (аэродромдарын) пайдаланушылардың қызметін ұйымдастыру жөніндегі басшылықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 1997 жылғы 30 мамырдағы N 472. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 18 қарашада тіркелді. Тіркеу N 419. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 458-І бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің норма шығармашылық қызметін реттеу мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылсын:

1. "Қазақстан Республикасы азаматтық және экспериментальдық авиациясының әуежайларын (әуеайлақтарын) пайдаланушылардың қызметін ұйымдастыру жөніндегі басшылықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1997 жылғы 30 мамырдағы N 472 бұйрығы...

Министр

Қазақстан Республикасы азаматтық және экспериментальдық авиациялары әуежайларын (аэродромдарын) пайдаланушылардың қызметін олардың арналуына сәйкес ұйымдастыруды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының ұлттық авиациялық-көліктік жүйесін тиімді дамыту үшін жағдай жасау және әуе көлігінің қызметтерін тұтынушылардың мүдделерін қорғау мақсатында
б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасы азаматтық және экспериментальдық авиацияларының әуежайларын (аэродромдарын) пайдаланушылардың қызметін ұйымдастыру жөніндегі басшылық бекітілсін және қолдануға енгізілсін.

2. ӘКП және АА қызметтері жөніндегі комитеттің, Қазақстан Республикасы авиакөлік инфрақұрылымдары кәсіпорындары мен ұйымдарының басшылары командалық-басшы құрам мен тиісті бөлімдер мен қызметтердің мамандарымен бірлесіп Қазақстан Республикасы азаматтық және экспериментальді авиациясының әуежайларын (аэродромдарын) пайдаланушылардың қызметін

ұйымдастыру жөніндегі басшылықтың талаптары мен ережелерін зерделеуді ұйымдастырсын, оларды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қоса беріліп отырған республикалық және аймақтық (облыстық) маңызы бар әуежайлардың тізбесі бекітілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жанындағы ӘКП және АА қызметтері жөніндегі комитетке жүктелсін.

Министр

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар
м и н и с т р л і г і

Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі
жөніндегі комитет

Қазақстан Республикасының азаматтық және экспериментальдық
авиациялар әуежайларын (аэродромдарын) пайдаланушылардың
қызметін ұйымдастыру жөніндегі

БАСШЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің
1997 жылғы 30 мамырдағы бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік тіркеу N _____ 1997 жылғы _____

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар
м и н и с т р і н і ң
1997 жылғы 30 маусымдағы
N 472 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасының республикалық
маңызы бар әуежайларының

ТІЗБЕСІ

N	Заңды тұлғалардың атауы	Орналасқан аумақтық жерлері
---	-------------------------	-----------------------------

- | | | |
|----|----------------------------------|---------------|
| 1. | "Ақмола әуежайы" АҰАҚ | Ақмола қаласы |
| 2. | "Ақтау халықаралық әуежайы" АҰАҚ | Ақтау қаласы |
| 3. | "Ақтөбе халықаралық әуежайы" АҚ | Ақтөбе қаласы |
| 4. | "Алматы әуежайы" АҰАҚ | Алматы қаласы |
| 5. | "Атырау әуежайы" АҰАҚ | Атырау қаласы |

6. "АТМА - Атырау әуежайы және тасымалдаулар"	Атырау қаласы АҰАҚ
7. "Торғайавиа" АҰАҚ	Арқалық қаласы
8. "Жезқазған әйр АҚ" АҚ	Балқаш қаласы
	Әуежайы
9. "Жезқазған әйр АҚ" АҚ	Жезқазған қаласы
10. "Сарыарқа әуежайы" АҰАҚ	Қарағанды қаласы
11. "Көкшетау авиакомпаниясы" АҚ	Көкшетау қаласы
12. "Қостанай әуежайы" АҰАҚ	Қостанай қаласы
13. "Сыр сұңқары" АҰАҚ	Қызылорда қаласы
14. "Ертіс-Авиа авиакомпаниясы" АҰАҚ	Павлодар қаласы
15. "Петропавл әуежайы" АҚ	Петропавл қаласы
16. "Семейавиа" АҰАҚ	Семей қаласы
17. "Жетісу авиакомпания" АҰАҚ	Талдықорған қаласы
18. "Тараз қанаты авиакомпаниясы" АҰАҚ	Тараз қаласы
19. "Ақжол халықаралық әуежайы" БАО	Орал қаласы
20. "Востокавиа" АҚ	Өскемен қаласы
21. "Шымкент әуежайы" БАО	Шымкент қаласы

**Қазақстан Республикасы аймақтық (облыстық)
маңызы бар әуежайларының**

ТІЗБЕСІ

N	Заңды тұлғалардың атауы	Орналасқан аумақтық жерлері
р / с		

1. "Боролдай авиакомпаниясы" АҰАҚ	Боролдай қаласы
2. Екібастұз әуежайы	Екібастұз қаласы

I тарау. Негізгі терминдер, айқындамалар және қысқарған сөздер

Авиакомпания - әуе тасымалын жүзеге асыратын немесе осы саладағы қызметтерді ұсынатын кез келген авиакөлік ұйымдары.

Авиакәсіпорын - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызмет ететін жолаушыларды, багажды, жүктерді және почтаны тасымалдау, авиакөлігі құралдарын сақтау, оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі шаруашылық-коммерциялық қызметпен айналысатын заңды тұлға.

Авиатасымалдаушы - меншік құқықтарымен немесе өзге де заңды негіздермен авиакөлігі құралдарына иелік ететін, ақысына немесе жалданып жолаушыларды, багажды, жүктерді және почта тасымалдау жөніндегі

қызметтерді ұсынатын және оған белгіленген тәртіппен берілген тиісті рұқсаты немесе лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлға.

Авиациялық қауіпсіздік - авиацияның оның қызметіне заңсыз араласу актілерінің алдын алуды және оларды болдырмауды қамтамасыз ететін қалыпты және қауіпсіз қызметі.

Агент - заңдарда белгіленген тәртіппен әуе кемелерін пайдаланушы (авиатасымалдаушы) немесе аэродромды (әуежайды) пайдаланушы үшін және (немесе) олардың атынан әрекет етуге уәкілеттендірілген заңды немесе жеке тұлға.

Аэродром - әуе кемелерінің ұшуын, қонуын, бұрылуын, тұрағын және оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін арнайы дайындалған және жабдықталған жер немесе су учаскесі.

Әуежай - әуе кемелерін қабылдау және жөнелту, әуе тасымалдарына қызмет көрсету үшін арналған, осы мақсаттағы аэродромы, аэровокзалы, басқа да ғимараттары, сондай-ақ қажетті жабдықтары бар ғимараттар кешені.

Халықаралық әуежай - кедендік, шекаралық және санитарлық-карантиндік бақылау ұйымдастырылған, халықаралық әуетасымалдарын қамтамасыз ететін әуежай.

Аэровокзал - авиасапарлар бойынша тіркеу, тексеру, жасақтау және жинақтау, кедендік, шекаралық және санитарлық-карантиндік бақылау кезеңінде жолаушыларға қызмет көрсету үшін арналған ғимараттардың кешені.

Азаматтық авиация (АА) - Мемлекеттік және экспериментальдық авиациялардың құрамына кірмейтін, жолаушыларды, багажды, жүктерді және почтаны тасымалдауды (әуе тасымалы), авиациялық-химиялық жұмыстарды (АХЖ) қоса алынғандағы авиациялық, іздеу-құтқару және авариялық-құтқару жұмыстарын орындауды, табиғи зілзалалар жағдайларында көмек көрсетуді, оқу, спорттық, мәдени-ағарту шараларын жүргізуді, техникалық шығармашылықты дамытуды, әуе кемесін пайдаланушының жеке сұраныстарын қанағаттандыруды жүзеге асыру мақсатында пайдаланылатын авиация.

Экспериментальдық авиация - авиациялық және басқа техникалар салаларында тәжірибе-конструкторлық, экспериментальдық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін арналған авиация.

Пайдаланушы - меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде әуе кемесіне (әуе кемесін пайдаланушы) не әуежайға немесе аэродромға (әуежайды немесе аэродромды пайдаланушы) иелік ететін, оларды пайдаланумен айналысатын немесе осы салалардағы қызметтерді ұсынатын заңды немесе жеке тұлға.

2-тарау. Жалпы ережелер

2.1. Құқықтық ережелер

2.1.1. Қазақстан Республикасының азаматтық және экспериментальдық авиациялары әуежайларын (аэродромдарын) пайдаланушылардың қызметін ұйымдастыру жөніндегі басшылық (бұдан әрі мәтін бойынша - Басшылық) "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңның, "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану авиациясының қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің ережелері мен талаптарына, Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) ережелері мен ұсынымдарына және азаматтық және экспериментальдық авиациялар шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қызметін регламенттейтін басқа да заң және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

2.1.2. Басшылық бұдан әрі әуежайлар деп аталатын әуежайлардың (аэродромдардың) қызметін олардың функциялық арналуына сәйкес ұйымдастыру, ұлттық авиациялық көлік жүйесін тиімді дамыту үшін жағдай жасау және әуе көлігі қызметтерін тұтынушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында қолдануға енгізіледі.

2.1.3. Басшылық әсіресе әуе кемелерін пайдаланушылармен (авиатасымалдаушылармен) және басқа да клиенттермен қызметтер мен өзара қатынастарды мемлекеттік реттеудің ерекшеліктерін әуежайларды пайдаланушылардың мақсатты арналуын, негізгі міндеттерін және орындалатын функцияларды, мүліктік кешеннің негізгі құрамын, өндірістік-шаруашылық қызметін басқаруды ұйымдастыруды әуежайларды дамыту үшін инвестицияларды тартудың принциптерін айқындайды.

2.1.4. Басшылық әуе көлігінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қызметін мемлекеттік басқару мен реттеуді жүзеге асыру, әуежайлық қызметпен айналысуға тілек білдірген меншіктің мемлекеттік нысанындағы заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарын әзірлеуі, әуежайларды пайдаланушылардың олардың ведомстволық тиесілігі мен меншік нысандарына қарамастан әуе кемелерін пайдаланушылармен (авиатасымалдаушылармен), авиакәсіпорын инфрақұрылымдары кәсіпорындарымен (авиакәсіпорындарымен), авиакөлігі қызметтерін тұтынушылармен өзара іс-қимылын ұйымдастыру кезінде қолданылу үшін міндетті.

2.1.5. Әуежайлардың басшылары мен лауазымды тұлғалары өздеріне жүктелген лауазымдық міндеттерін орындауы кезінде осы Басшылықтың ережелері мен талаптарының орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

2.1.6. Осы Басшылықта белгіленген жалпы принциптердің, ережелердің және талаптардың негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген әуе көлігінің қызметіне қатысты заң және нормативтік құқықтық

актілерге, Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) ережелері мен ұсынымдарына сәйкес әуежайлар өздерінің ерекшеліктері мен қызметінің шарттарын ескере отырып әуежайдың жұмыс істеуі мен дамуын басқаратын қызметтердің, цехтардың, учаскелердің және бөлімдердің қызметін ұйымдастыруды регламенттейтін ережелерді, басшылықтарды, ұсынымдарды және басқа да нормативтік-технологиялық және әдістемелік құжаттарды әзірлейді және белгіленген тәртіппен ішкі қолданысқа енгізеді.

2.1.7. Осы Басшылықтың ережелері мен талаптарының сақталуына, сондай-ақ олардың қолданылуының дұрыстығына бақылау жасауды Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жанындағы Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитет жүзеге асырады.

2.2. Мемлекеттік басқару органдарының өкілеттігіне жатқызылған басқарудың негізгі функцияларының тізбесі

2.2.1. Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына, халықаралық азаматтық авиация ұйымының ережелеріне (Дос 9137-AN/898) сәйкес әуежай қызметін реттеудің мынадай мәселелерін шешу:

а) ұлттық шекараның шеңберінде азаматтық авиацияның құрылымдары мен стратегияларын айқындау;

б) аэродромдардың (әуежайлардың) қызметін қамтамасыз етудің ұлттық стандарттарын, ережелерін, нормаларын және тәртіптерін әзірлеу және белгіленген тәртіппен қолданысқа енгізу;

в) аэродромдарды (әуежайларды) пайдаланушыларды және олардың авиациялық қызметкерлерін сертификаттау;

г) аэродромдарды мемлекеттік тіркеу және олардың мемлекеттік тізілімін жүргізу, авиациялық жұмыстарды орындауға арналған уақытша аэродромдардың есебін жүргізудің тәртібін белгілеу;

д) авиациялық мамандардың кәсіби даярлық деңгейіне деген талаптарды айқындау;

е) баға саясатын экономикалық реттеудің, қалыптастырудың және іске асырудың белгіленген шараларын жүзеге асыру;

ж) әуежай қызметін лицензиялау;

з) авиацияның қызметіне заңсыз араласуды болдырмау жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;

и) басқа мемлекеттермен әуе тасымалдарын ашу және коммерциялық құқықтар беру туралы мәселелерді шешу;

к) әуежайды дамыту мен әуежаймен жалғасқан елді мекендерді дамытудың арасындағы үйлестіруді қамтамасыз ету жөніндегі рәсімдерді белгілеу;

- л) әуежайлардың қоршаған ортасының елді мекендерге ықпал етуі факторларына қатысты саясатты әзірлеу;
- м) азаматтық және мемлекеттік (әскери) авиацияның қызметін үйлестіру;
- н) авиациялық оқиғаларды зерттеу;
- о) әуежайларды табиғи зілзалалар мен басқа да төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарды орындауға тарту;
- п) әуе көлігі кәсіпорындары мен ұйымдарының азаматтық қорғанысы мен жұмылдыру дайындығына байланысты шараларды айқындау Қазақстан Республикасының Үкіметі мен оның мемлекеттік басқару органдарының өкілеттігіне жатқызылған.

2.2.2. Мемлекет қосымша өзіне әуежайлық қызмет үшін жауаптылықтың басқа да түрлерін қабылдай алады.

2.3. Қызметтің мәртебесі мен ұйымдық-құқықтық нысандары

2.3.1. Әуежай әдетте заңды тұлға мәртебесі бар, олардың экипаждарымен, жолаушыларымен, багажымен, жүктерімен және почтасымен қоса әуе кемелерін қабылдауды, аттандыруды және оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін, меншік құқығымен немесе басқа да заңды негіздерде осы мақсатқа арналған аэродромы, аэровокзалы, басқа да қажетті ғимараттары мен жабдықтары, арнайы даярланған жеке құрамы бар коммерциялық ұйым болып табылады.

Экономикалық қайта құрылудың ауыспалы кезеңінде, әуе кемелері мен авиатасымалдарының қызмет көрсетілетін ұшуларының аз интенсивтілігі жағдайында әуежайлардың құрылымдық бөлімшелер түрінде бірлескен авиакәсіпорындардың құрамына кіруіне рұқсат етіледі.

2.3.2. Әуежай өз күшімен не шарттық негізде тиісті агенттерді (сенім білдірілген атқарушыларды) тарту арқылы әуе тасымалдарына қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді, аэродромды, аэровокзалды, почта-жүк кешендерін, жанар-жағармай материалдарын (ЖЖМ) сақтау және құю құралдарын пайдалануды, әуе кемелеріне техникалық және коммерциялық қызмет көрсетуді, әуежайдың аймағындағы технологиялық процестерді жылумен, электр энергиясымен, көлікпен және байланыспен қамтамасыз ету құралдарын пайдалануды жүзеге асырады.

2.3.3. Мемлекеттік органдар әуежайлардың мемлекеттік мүлкін қайта ұйымдастыру, мемлекеттің меншігінен алу немесе жекешелендіру, оларды басқарудың ұйымдастыру-құқықтық нысандарын қалыптастыру туралы шешім қабылдаған кезде әуежайлардың авиакөлігі рыногындағы қалыптасқан табиғи монополиялық (үстемдікті) жағдайының әлеуметтік-экономикалық маңызы мен авиакызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғаудың қажеттілігі ескеріле отырып мемлекеттің әуежайлардың дамуы мен жұмыс істеуін басқаруға тиімді қатысуы үшін тиісті тетіктер қарастырылуы тиіс. Олардың қатарында:

өзінің құрамында әуежайларды да қамтыйтын акционерлік қоғамдар акцияларының бақылау пакеттерін мемлекеттің меншігінде сақтау;
мемлекеттік органның немесе ол уәкілеттендірген тұлғаның әуежайды басқаруға қатысуға тиісті құқығы болуына мүмкіндік беретін әуежайлардың (аэродром кешенінің, энергиямен қамтамасыз ету объектілерінің мүліктік кешенінің, қондырудың жарықтехникалық жүйелерінің және т.б.) мемлекеттік жекешелендірілмеген мүлкінің мемлекеттік меншіктегі үлесін сақтау;

әуежайдың жарғысында көзделген оны басқарудың жоғарғы органдарының (Байқау Кеңестерінің, Директорлар Кеңестерінің және басқалардың) құрамына әуе көлігінің дамуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жауапты тиісті мемлекеттік органдардың немесе олар өкілеттік берген тұлғалардың өкілдерін кіргізу пайдаланылуы мүмкін.

2.3.4. Мемлекеттің меншігінен алу және жекешелендіру кезінде мемлекеттік бірлескен кәсіпорындардан бөлініп шыққан әуежайлар әдеттегідей акционерлік қоғамның ұйымдастыру-құқықтық нысанында жұмыс істеуі тиіс. Әуежайлардың, заңды тұлғалар ретінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген ұйымдастыру қызметінің басқа түрлері мен нысандарын пайдалануына азаматтық авиацияның қызметін мемлекеттік басқаруды жүзеге асырушы органның келісімі бойынша жол беріледі.

2.3.5. Меншіктің мемлекеттік нысанындағы, қазіргі уақытта азаматтық авиацияның бірлескен авиакәсіпорындарының құрылымдық бөлімшелері мәртебесінде жұмыс істейтін (әуежай мен авиатасымалдаушының функцияларын қоса атқаратын) әуежайлар келешекте дербес кәсіпорын болып бөлінуге жатады.

Мұндай әуежайларды дербес кәсіпорындарға бөлудің мерзімдері мен тәртібін дайындық шараларын жүргізу мен мұндай қайта ұйымдастырудың экономикалық жағынан дұрыстығын ескере отырып:

- мемлекеттік меншіктің республикалық түріндегі әуежайлар бойынша - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жанындағы Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитетімен (бұдан әрі мәтін бойынша Комитет) келісім бойынша Мемлекеттік мүлікті басқарудың республикалық органы;

- мемлекеттік меншіктің коммуналдық түріндегі әуежайлар бойынша - Комитетпен келісім бойынша мемлекеттік мүлікті басқарудың аумақтық (аймақтық) органдары белгілейді.

2.3.6. Әуежайларды меншіктің мемлекеттік нысанындағы бірлескен авиакәсіпорындардан бөлу кезінде мүлікті әуежайлар мен авиакомпаниялардың арасында бөлудің негізгі принциптері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

мүлікті басқару жөніндегі республикалық органы мен Комитеттің бірлескен шешімімен белгіленеді.

3-тарау. Жұмыстар мен қызмет көрсетулердің тұлғасы, негізгі функциялары және орындалатын түрлері

3.1. Қызметтердің тұлғасы мен міндеттері

3.1.1. Әуежайлардың қызметі (әуежай қызметі) жолаушылар мен басқа да клиенттердің - авиақызметін тұтынушылардың, сондай-ақ әуе тасымалын тікелей жүзеге асырушы не оларды орындауға ықпал етуші авиакөлігі рыногы субъектілерінің мүдделерінде жүзеге асырылады.

3.1.2. Әуежайлар қызмет көрсетілетін әкімшілік аумақтардың заңды және жеке тұлғаларының авиациялық қызметтерге қажетін қанағаттандыруды, пайдаланушыларға (әуе көлігін пайдаланушыларға, жолаушыларға және клиенттерге, жалға алушыларға, концессионерлерге және басқаларына) қызметтер ұсынуда бірдей мүмкіндіктерге кепілдік берді, пайдаланушылардың өмірінің, денсаулығының, мүліктік мүдделерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шартымен авиакөлігі рыногының қажеттеріне сәйкес өндірістік қуаттарды тиімді пайдалануды және кеңейтуді, әуежайлардың жұмыс істеуінің қолданылып жүрген ұлттық және халықаралық стандарттарының, нормаларының және ережелерінің сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

3.2. Жұмыстар мен қызмет көрсетулердің негізгі функциялары, орындалатын түрлері

3.2.1. Азаматтық аэродромды (әуежайды) пайдаланушы (иеленуші) әуежай қызметін жүзеге асыруы кезінде халықаралық нормаларға (Әуежай қызметтері жөніндегі басшылыққа, ИКАО-Дос 9137-AN/898) сәйкес мынадай негізгі жұмыстар мен функцияларды орындауға:

а) ұшудың шолу құралдарының жұмыс істеуі мен оларға техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге;

б) авариялық-құтқару және өртке қарсы қызметтердің жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз етуге;

в) аэродромның жұмыс алаңы бетінің жарамдылығын және оған техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге;

г) перрондардың маркировкалау белгілерінің, жарықпен қоршау және телескоптық баспалдақтармен шолулық түйісу жүйелерінің жұмыс қабілеттілігін және оларға техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге;

д) перрондар аймақтарында көлік құралдарының қозғалысын басқаруға;

е) әуежайдың тікелей бақылауды әуе қозғалысын басқару (ӘҚБ) органдары жүзеге асыратын учаскелерінен басқа жұмыс алаңдарындағы қозғалысты реттеуге;

ж) жұмыс алаңдарын қардан тазартуды жүргізуге және қардың мөлшері туралы деректерді беруге;

з) әуе кемелерін тұратын орындармен қамтамасыз етуге;

и) ұшу-қону алаңының тежеу тиімділігін айқындауға және ондағы су қабатының тереңдігін өлшеуге;

к) құстар мен фаунаның басқа да өкілдерін үркіту жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;

п) жүру қабілетін жоғалтқан әуе кемесін ҰҚА жұмыс алаңдары мен бұру учаскелерінен әкету жөніндегі операцияларды үйлестіруге;

м) әуежайдың жергілікті қоршаған ортаға экологиялық әсер етуін ең төменгі деңгейге дейін шектеу жөнінде шаралар қабылдауға;

н) әуе тасымалына қызмет көрсетуді қамтамасыз етудегі басқа да кедергілерді жоюға;

о) әуежайдың қызметі жөнінде деректер беруге міндетті.

3.2.2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 шілдедегі N 1150 Р971150_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әуежайларында әуе көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды және әуе кемелеріне, жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетумен байланысты әуежай қызметін лицензиялау туралы ережеге сәйкес әуежай қызметінің құрамына жұмыстар мен қызмет көрсетулердің мынадай негізгі түрлері кіреді:

а) әуежайдың үйлері мен ғимараттарын, аэродромдық құрылыстарды (ұшу-қону алаңдарын, бүйірдегі және соңғы қауіпсіздік алаңдарын, арнаулы мақсаттағы алаңдарды, бұру жолдарын, перронды, әуе кемелерінің тұратын орындарын, қоршауларды, суағарлар мен қар тоқтату қондырғыларын, бақылау-өткізу және өрттен қорғауды қамтамасыз ету объектілерін, күту, жолаушылар мен жүктерді жинақтау, және оларға қызмет көрсету залдарымен қоса аэровокзалдарды, багаж және жүк терминалдарын және олардың қондырғыларын, қызмет бөлмелерін және басқа ба технологиялық құрылыстарды) ұстау және пайдалану;

б) багаж бен жүктерді тексеру, жеткізу мен тиеуді (түсіруді) қамтамасыз ету, жолаушыларды әуе кемелеріне жеткізу және отырғызу, сондай-ақ жолаушылар мен багажды қарсы алу мен аэровокзал үйіне жеткізу және жүктерді қоймаға жеткізу;

в) авиациялық жанар-жағар май материалдары мен арнаулы сұйықтарды жинақтау, сақтау, сату және жеткізу, олардың сапасын бақылау және бұл материалдарды әуе кемелеріне және басқа да тұтынушыларға құю (беру);

г) жолаушылар мен экипажға арналған борттық тағамдарды әуе кемесіне жеткізуді және беруді қамтамасыз ету;

д) әуежайдың аумағында әуе кемелерін пайдаланушылар мен басқа да

тұтынушыларға арнаулы авто және электр көлігі құралдарымен қызмет көрсету, әуе кемелерінің ұшуларын жарық техникалық қамтамасыз ету және әуежай объектілерін энергиямен жабдықтау;

ж) жолаушылар мен клиенттерге әуе кемелерінің қозғалысы мен авиациялық тасымалдарды қамтамасыз ету туралы ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету.

"Б" (тексеруден басқа), "в", "г", "д", "ж" тармақшаларында көрсетілген жұмыстар мен қызмет көрсетулер шарттық негізбен, әуежайды пайдаланушының технологиялық құралдарын пайдалану арқылы және оның бақылауымен авиатасымалдаушылардың немесе авиатасымалдаушымен шарт бойынша әуежай қызметкерінің күшімен орындала алады.

"А", "в", "д", "е" тармақшаларында аталған, әуе кемелері мен жолаушыларға қызмет көрсетумен тікелей байланысты емес жұмыстар мен қызмет көрсетулердің бір бөлігін аэродромды (әуежайды) пайдаланушымен жасасқан шарт бойынша, оның ішінде одан тиісті үйді, ғимаратты, жабдықты және басқа да қажетті мүлікті жалға (қоса жалға) алудың негізінде басқа мамандандырылған кәсіпорындар орындай алады. Бұл ретте аэродромды (әуежайды) пайдаланушы өзінің мердігерлік (қоса мердігерлік) ұйымдарының осы жұмыстар мен қызмет көрсетулерді белгіленген талаптарға сәйкес орындауы үшін толық жауаптылықта б о л а д ы .

3.2.3. Әуежайларды пайдаланушылар (иелері) жоғарыда аталған жұмыстар мен функцияларға қосымша :

а) шарттық негізде әуежайдың аумағына орналасқан мердігерлік және қоса мердігерлік ұйымдарды инженерлік коммуникациялармен, электр байланысы құралдарымен, жылумен және электрмен жабдықтаумен, басқа да қолында бар ресурстармен және қызмет көрсетулермен қамтамасыз етуі;

б) әуежайдың аймағында ұшулардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әуе кемелеріне, жолаушыларға, багажға, почтаға және жүктерге қызмет көрсету саласындағы қолданылып жүрген заң және нормативтік құқықтық актілермен белгіленген ережелердің, тәртіптердің және басқа да талаптардың орындалуын жүзеге асыруы және оған бақылау жасауы;

в) әуежайдың аумағындағы жер учаскелерін, өндірістік және коммерциялық мақсаттағы объектілерді, басқа да үйлер мен ғимараттарды пайдалануды, оларды дамытуды, жетілдіруді және қолайлыландыруды қамтамасыз етуді тікелей жүзеге асыруы және оған бақылау жасауы;

г) жолаушылар мен клиенттерге сервистік қызмет көрсетулер аясын кеңейтуі;

д) ағымдағы қызметтің экономикалық тиімділігі мен перспективалық өндірістік-технологиялық дамуын қамтамасыз ету үшін өзінің еңбек,

материалдық және қаржы ресурстарын, тартылған заемдік қаражаттар мен инвестицияларды ұтымды пайдалануы;

е) меншік құқығымен не басқа да заңды негіздерде жабдықтар, үйлер, ғимараттар, жер учаскелерін және әуежай қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті басқа да мүлікті сатып алуы;

ж) материалдық-техникалық базасын дамыту, әуе кемелерінің жаңа үлгілерінің ұшуын, қонуын, бұрылуын және тұратын орнын қамтамасыз ету үшін , сондай-ақ әуежай қызметтерінің қызметін қамтамасыз етуі үшін қажетті үйлер мен ғимараттардың құрылысын салуды және оларды қайта жаңартуды жүзеге асыруы ;

з) аэродромның маңындағы аумақтарда белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, биік кедергі болып табылатын объектілердің құрылысын шектеу , биік үйлер мен ғимараттардың үстіне маркировкалық (қорғау) белгілері мен басқа да қорғау қондырғыларын орнату мақсатында құрылыстар салуды ұйымдастыруға бақылау жасауды жүзеге асыруы;

и) әуежайдың қызметін байланысты авиациялық оқиғалар мен олардың себептерін зерттеуге қатысуы;

к) аэродром ауданында іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруы ;

л) белгіленген тәртіппен әуежайдың қызметімен байланысты, сондай-ақ әуе кемелерінің ұшуларын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын жердегі техникалардың істен шығуы және бұзылуы бойынша авиациялық оқиғалар мен олардың себептері туралы ақпараттарды жинақтауды, қорытуды және талдауды жүргізуі ;

м) құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылда объекті ішіндегі режимді күшейту жөніндегі шараларды жүзеге асыруы;

н) белгіленген тәртіппен әуежайдың аумағында орналасқан объектілердің жай-күйіне, сондай-ақ оларда әуежайдың қызметін қамтамасыз етуге қатысты мәселелер бойынша есеп пен есептілік жүргізудің ұйымдастырылуына техникалық қадағалауды ұйымдастыруы;

о) республикалық және шетелдік әуежайлармен, авиатасымалдаушылармен, басқа да кәсіпорындармен және ұйымдармен әуе қатынастарын дамытудың бар және перспективалық қажеттіліктерін, жаңа авиажелілер ашу және қолданылып жүргендерін тиімді пайдалану мәселелері бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыруы ;

п) тиісті жоспарлар мен жұмылдыру тапсырмаларында көзделген азаматтық қорғаныс, қорғаныс тапсырмаларын орындауға даярлық жөнінде шараларды орындауды ұйымдастыруы тиіс.

Аталған тапсырмалардың бір бөлігін әуежаймен шарт бойынша, оның ішінде

әуежайдан тиісті үйлерді, ғимараттарды, жабдықтарды және басқа да қажетті мүліктік жалға (қоса жалға) алудың негізінде мамандандырылған кәсіпорындар о р ы н д а й а л а д ы .

3.2.4. Мемлекеттік акцияның әуежайларын азаматтық авиацияның мұқтажы үшін пайдалану (бірлесіп пайдалану) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Бірлескен базалау әуежайларында әуежайдың негізгі иесі кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығына ие емес тұлға болып табылған жағдайда, бір мезгілде әуежайдың басқа да үйлері мен ғимараттарының иесі болып табылатын осы аэродромды пайдаланушы аталған аэродромда әуе кемелерінің ұшуларын қамтамасыз етудің белгілеген тәртібіне сәйкес азаматтық әуе кемелерінің ұшуларын қамтамасыз ету үшін 3.2.1., 3.2.2. және 3.2.3. тармақтарда көрсетілген жұмыстар мен қызмет көрсетулердің орындалуын ұйымдастырады.

3.2.5. Әуежай қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әуе тасымалдарына қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар мен қызмет көрсетулердің аясын кеңейтетін және әуежайдың өзіне жүктелген тапсырмалар мен функцияларды, оның ішінде шарттық талаптармен заңды (жеке) тұлғаларға үйлердің, ғимараттардың, тұрғын емес үй-жайлардың, жабдықтардың немесе басқа да мүліктің негізгі мұқтаждар үшін пайдаланылмайтын бөліктерін, сондай-ақ бос жер учаскелерін бұл тұлғалардың әуежаймен келісілген өндірістік және коммерциялық қызметтерді ұйымдастыруы үшін уақытша пайдалануға берумен байланысты (меншіктің мемлекеттік нысанындағы әуежайлар үшін - әуежайдың мүлкін басқа тұлғалардың пайдалануына беру мәселесі меншік иесі уәкілеттендірген органмен келісіледі), орындауына ықпал ететін шаруашылық және коммерциялық қызметтің басқа да (авиациялық емес) түрлерін жүзеге асыра алады.

3.3. Аэродромдардың жіктелуі мен бөлімшелері

3.3.1. Аэродромдар ұшу-қону алаңы (ҰҚА) мен оның жұмыстық төселімінің көтеру қабілетіне қарай А, Б, В, Г, Д және Е сыныптарына бөлінеді.

Жіктелген аэродромдардың ұшу алаңдарының, ақырғы және бүйірлік қауіпсіздік алаңдарының аэродром жанындағы аумақтың бұру жолдарының (оның ішінде әуеден келу алаңдарының да) мөлшерлері Азаматтық аэродромдардың пайдалануға жарамдылығының нормаларына (АПЖН) сәйкес к е л у і т и і с .

Мөлшері "Е" сыныбындағы аэродромдардан кіші ҰҚА бар аэродромдар жіктелмеген аэродромдарға жатады.

3.3.2. Аэродромның авиацияның түрлеріне, оның ұшу-қону алаңдарының бетінің түріне, пайдалану сипатына, орналасуының теңіз деңгейінен биіктігі мен жер бедерінің сипаттамасына, қонуға арналған ең төменгі өлшемдер бойынша пайдалануға рұқсат етілуі, арнаулы, орналасуына және пайдаланылуына қарай

а э р о д р о м д а р :

- мемлекеттік, экспериментальдық немесе азаматтық авиациянікі; - жасанды төсеніші (ЖҰҚА) бар, төсенішті (ГҰҚА), қардан, мұздан жасалған және гидроэродромдар; - тұрақты және уақытша: таудағы немесе тегіс жердегі; санатқа енгізілген немесе санатқа енгізілмеген; трассалық, заводтық, оқу немесе авиациялық жұмыстарды орындауға арналған; базалық, аралық, ұшу, мақсатты немесе қосымша болып бөлінеді.

3.4. Әуежайлардың жіктелуі мен бөлінуі

3.4.1. Әуежайлар олардың жобалануын, құрылысын, пайдалануын және сертификатталуын регламенттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес, әуе кемелері қозғалысының интенсивтілігіне, қызмет көрсетілетін авиациялық тасымалдардың көлемдері мен профиліне қарай 1,2,3,4 және 5 сыныптарға бөлінеді. "5" сыныптан төменгі барлық әуежайлар жіктелмеген әуежайларға жатқызылады.

Әуежайлардың орналасуы, жобалануы және жіктелуі азаматтық авиация әуежайларын жобалаудың технологиялық нормаларымен айқындалады.

3.4.2. Әуежайлар орындалатын тасымалдардың үлгісіне қарай:

- белгіленген тәртіппен халықаралық авиациялық тасымалдарды орындауға рұқсат етілген және тиісті кедендік, шекаралық және санитарлық-карантиндік бақылау қамтамасыз етілетін - халықаралық;

- халықаралық авиациялық ұшуларға рұқсаты жоқ, тасымалдарды әдетте Қазақстан Республикасының шегінде және халықаралық әуежайларда жүргізілетін кедендік, шекаралық және санитарлық-карантиндік бақылау рәсімдерінен өтеусіз жүзеге асыратын - ішкі болып бөлінеді.

3.4.3. Белгіленген мәртебесіне қарай әуежайлар республикалық, аймақтық (облыстық) маңызы бар әуежайлар және жергілікті әуе желілері әуежайлары б о л ы п б ө л і н е д і .

Республикалық маңызы бар әуежайларға неғұрлым маңызды аймақаралық (арналық) және халықаралық әуе қатынастарында жұмыс істеуді қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының ұлттық авиакөлігі жүйесінің бас тораптық элементтерін құрайтын әуежайлар жатады.

Аймақтық (облыстық) маңызы бар әуежайларға жұмысының негізгі көлемі аймақаралық авиатасымалдарын құрайтын облыстардың әкімшілік аумақтарының шегінде орналасқан әуежайлар жатады.

Жергілікті әуе желілерінің әуежайларына жұмысының негізгі көлемі аймақ ішіндегі авиатасымалдауларды, сондай-ақ авиацияны халық шаруашылығында қолдану жөніндегі ұшуларды құрайтын әуежайлар жатады.

Республикалық және аймақтық маңызы бар әуежайлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі бекітеді.

4-тарау. Әуежайлардың негізгі бөлімшелері мен мүліктік кешенінің құрамы

4.1. Негізгі бөлімшелердің құрамы

4.1.1. Осы Басшылықтың 3-тарауында көрсетілген міндеттер мен негізгі функцияларды жүзеге асыру, әуежай қызметіне жатқызылған жұмыстар мен қызмет көрсетулердің түрлерін орындауды қамтамасыз ету үшін әуежайды пайдаланушы құрылымдық бөлімшелер мәртебесімен тиісті басқармалар, бөлімдер, қызметтер, учаскелер және басқа да бөлімшелер құрады.

4.1.2. Әуежай басқармаларының, бөлімдерінің, қызметтерінің, учаскелерінің және басқа да бөлімшелерінің үлгілік тізбесіне:

- а) ақпараттық-талдау, коммерциялық, жоспарлау-экономикалық, қаржы, бухгалтерия, заң, кадр бөлімі және басқа да әкімшілік-басқару бөлімдері;
- б) өндірістік-диспетчерлік қызмет;
- в) ұшулардың қауіпсіздігі жөніндегі инспекция;
- г) тасымалдарды ұйымдастыру және дамыту қызметі (қызмет көрсетілетін тасымалдар мен жұмыстардың түрлері бойынша учаскелермен бірге);
- д) энергиялық және жарық техникалық қамтамасыз ету қызметі;
- е) перрондардың, әуе кемелерінің бұрылатын және тұратын жерлеріндегі аймақтарда көлік құралдарының қозғалысының қозғалысын басқару учаскелері;
- ж) аэродромдық қызмет;
- з) штурмандық қызмет;
- и) азаматтық қорғаныс пен әскери-жұмылдыру даярлығы, ВОХР, өрттен қорғау, іздестіруді және авариялық-құтқаруды қамтамасыз ету бөлімшелерін қоса алғандағы авиациялық қауіпсіздік қызметі;
- к) қоршаған ортаны қорғау бөлімі;
- л) жанар-жағар май материалдары қызметі;
- м) қолда бар объектілер мен радио және электр байланысы құралдарын пайдалануды қамтамасыз ететін бөлімше (қызмет);
- н) арнаулы көлік қызметі (автошаруашылық);
- о) жылу техникалық және санитарлық-техникалық қамтамасыз ету қызметі;
- п) жердегі ғимараттарды пайдалану қызметі (учаскелері);
- р) күрделі құрылыс бөлімі;
- с) жөндеу-құрылыс учаскесі;
- т) бас механиктің бөлімі;
- у) ауа-райын болжау қызметі;
- ф) материалдық-техникалық жабдықтау қызметі (бөлімі);
- х) қонақүйлердің, профилакторийлардың жұмысын қамтамасыз ету учаскелері (қызметтері);
- с) медициналық-санитарлық бөлім (қызмет);

ч) тұрғын үй-коммуналдық қызмет (бөлім, учаске) кіреді.

4.1.3. Әуежайды пайдаланушы коммерциялық қызметті кеңейту мақсатында бұл жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындау үшін тиісті материалдық-техникалық базалар құру және белгіленген тәртіппен оларды орындауға лицензиялар алу шартымен әуежай қызметіне жатпайтын жұмыстар мен қызмет көрсетулердің түрлерін (тамақтандыру, сауда, көңіл және заңды және жеке тұлғаларға арналған қызмет көрсетулердің басқа да түрлерін) орындау үшін өзінің құрамында басқа да бөлімшелер құра алады.

Әуежайдың құрамында әуе кемелеріне жедел техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету жөніндегі жеке, белгіленген тәртіппен сертификатталған қызмет (учаске) (инженерлік-авиациялық қызмет немесе база) құрылуы мүмкін.

4.1.4. Басқармалардың, бөлімдердің, қызметтердің, учаскелердің және басқа да құрылымдық бөлімшелердің нақты атауларын, олар орындайтын функцияларды, олардың әкімшілік және жұмысы жағынан бағыныстылығын (ұшулардың қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қызметтерді қоспағанда) әуе кемелерінің ұшып келуі мен ұшуының интенсивтілігіне, аэродромның ең төменгі қону санаттарына, қызмет көрсететін авиатасымалдарының көлігі мен құрылымына, баланстағы үйлердің, ғимараттардың және басқа да мүліктің құрамына, басқаруды ұйымдастыру және әуежайды пайдаланушының қызметтері мен әуежайда жұмыстар мен қызмет көрсетулердің жекелеген түрлерін жүзеге асыру жөніндегі агенттердің (жалға алушылардың, мердігерлік және қоса мердігерлік ұйымдарының) арасындағы жауаптылықты бөлудің ерекшеліктеріне қарай әуежайды пайдалануды (иесі) дербес белгілейді.

4.2. Мүліктік кешеннің құрамы

4.2.1. Әуежайды пайдаланушы әуежай қызметін қамтамасыз ету үшін меншік құқығымен не басқа да заңды негіздерде тиесілі жабдықтарды, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті, белгіленген тәртіппен бекітілген жер учаскелерін және оның айналасындағы аумақтарды пайдаланады.

4.2.2. Мемлекеттік азаматтық авиация кәсіпорындарын мемлекеттік меншігінен алу және жекешелендіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру кезінде меншіктің жеке нысанындағы шаруашылық серіктестіктері ұйымдық-құқықтық нысандағы (акционерлік қоғамдар және басқа да нысандар) жаңадан құрылатын әуежайларды пайдаланушылардың жарғылық қорларына тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс мұқтажы үшін стратегиялық маңызы бар мемлекеттік мүлік қосылуға тиіс емес.

Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарының ұсынысы бойынша бұл мүліктің құрамына:

а) жер учаскелері, ұшу-қону алаңдары, бұру жолдары, тұрақ орындары,

қоршаулар және басқа да аэродромдық құрылыстар;

б) әуе кемелерінің ұшуын энергиялық-жарық техникасымен қамтамасыз ету объектілерінің жабдықтары, үйлері және құрылыстары;

в) іздестіру-құтқаруды қамтамасыз ету, азаматтық қорғаныс және әскери жұмылдыру даярлығы объектілерінің жабдықтары, үйлері және құрылыстары;

г) жанар-жағармай материалдары мен арнаулы сұйықтарды сақтау объектілерінің, әуе кемелеріне май құюдың орталықтандырылған жүйелерінің үйлері мен құрылыстары кіруі мүмкін.

4.2.3. Әуежайларды пайдаланушылар мемлекеттік жекешелендірілмеген (жарғылық қорларға кірмеген) мүлікті шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығымен, не мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі орган белгіленген басқа да шарттармен пайдаланады.

4.2.4. Әуежай объектілері үйлері мен ғимараттарының құрамы, олардың негізгі көрсеткіштеріне деген талаптар отырудың ең төменгі деңгейі бойынша аэродромның санатымен, әуе кемелерінің ұшуы мен қонуының интенсивтілігімен, әуе тасымалдарының, жолаушыларының, багаждың, жүктердің және почтаның қызмет көрсетілетін түрлерімен, көлемімен және құрылымымен, әуежай қызметіне жататын жұмыстар мен қызмет көрсетулердің басқа да түрлерінің көлемімен айқындалады.

4.2.5. Әуежайдың өндірістік мақсаттағы объектілерінің негізгі құрамына: әуежайлар; әуе кемелерінің ұшуын энергетикалық және жарық техникалық қамтамасыз ету объектілері; жолаушыларды тасымалдауға қызмет көрсету үйлері мен ғимараттары; жүк және почта тасымалдауға қызмет көрсететін үйлер мен ғимараттар; әуе кемелеріне технологиялық қызмет көрсету үйлері мен ғимараттары; жанар-жағармай материалдарымен және арнаулы сұйықтармен қамтамасыз ету объектілері; режимдік-күзетуді қамтамасыз ету үйлері мен ғимараттары; іздестіруді және авариялық-құтқаруды қамтамасыз ететін объектілер кіреді.

4.2.6. Әуежайдың босалқы өндірістік мақсаттағы объектілерінің құрамына: әкімшілік-басқару аппаратының объектілері; арнаулы көлік пен автошаруашылық қызметтері (учаскелері); аэродром қызметінің пайдалану базасы; жөндеу-пайдалану шеберханалары; материалдық-техникалық қамтамасыз ету объектілері; жөндеу-құрылыс базасы; қазандықтар, жылумен және сумен жабдықтау, суағар және газбен қамтамасыз ету желілері; инженерлік-коммуникациялық желілер мен құрылыстар; автоматты телефон станциялары мен басқа да радио және электр байланысы құралдары; ұшақтың жұмсақ жабдықтарын химиялық тазалау және жуу кешені; қоршаған ортаны қорғау және қалдықтарды кәдеге жарату объектілері; жер асты көлік жолдары; емдеу-алдын алу мекемелері; ұшу құрамының профилакторийлері; қызметтік

тамақтану объектілері кіреді.

4.2.7. Әуежайдың коммерциялық мақсаттағы объектілерінің құрамына әкімшілік бизнес орталығының, кеден кешенінің, қоғамдық тамақтандыру, демалыс, валюта айырбастау пункттері объектілері және әуежай қызметіне жатпайтын жұмыстар мен қызмет көрсетулердің түрлерін орындауды қамтамасыз ету үшін арналған басқа да объектілер жатқызылуы мүмкін.

4.2.8. Аэродромдарға (әуежайларға) учаске тандау, жерлер бөлу, оларды жобалау, құрылысын салу және қайта жаңарту аэродромдар мен Қазақстан Республикасының заңдарына, сондай-ақ әуежайларға қатысты талаптарға, стандарттарға, нормаларға және ережелерге сәйкес жүргізіледі.

5-тарау. Аэродромдарды (әуежайларды) сертификаттау, мемлекеттік тіркеу және оларды пайдалануға рұқсат ету, әуежай қызметін лицензиялау

5.1. Сертификаттау және мемлекеттік тіркеу

5.1.1. Аэродромдарды (әуежайларды) сертификаттау әуе көлігіндегі сертификаттаудың мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады, "Әуе кеңістігін пайдалану және Қазақстан Республикасының авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес жүзеге асырылады және:

- Қазақстан Республикасының әуе көлігінің тиімді қызметі үшін жағдай жасау ;

- әуе көлігі объектілерінің белгіленген стандарттарға, нормаларға және талаптарға сәйкес келуін растау;

- әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әуе-жайдың қызметін заңсыз араласу актілерін болдырмау;

- қоршаған ортаны қорғау жөніндегі белгіленген талаптарды сақтау; мемлекет пен оның азаматтарының мүдделерін қорғау мақсатында жүргізіледі.

5.1.2. Аэродромдардың (әуежайлардың) сәйкестік нормаларын, оларды сертификаттаудың, мемлекеттік тіркеудің, аэродромдардың пайдалануға жарамдылығы туралы сертификаттар мен азаматтық және экспериментальдық авиациялардың аэродромдарына арналған мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді берудің ережелерін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрілігі белгілейді.

5.1.3. Аэродромдарды (әуежайларды) сертификаттаудың, оларды мемлекеттік тіркеудің және тиісті куәліктер (сертификаттар) берудің рәсімдерін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрілігінің жанындағы Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитет белгілейді және жүзеге асырады.

5.1.4. Сертификатты алуды рәсімдеу үшін ұсынылатын құжаттамалардың тізбесі, өтініштерді бағалаудың өлшемдері, оны қараудың тәртібі, тиісті сертификаттарды (куәліктерді) ресімдеудің және берудің мерзімдері, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдері мен ұзартылуының тәртібі сертификаттаудың және мемлекеттік тіркеудің ережелерімен және рәсімдерімен айқындалады. Қолданылып жүрген сертификаттарға (куәліктерге) өзгерістер енгізу олардың қолданылу мерзімін кейінге қалдыруға әкеп соқтырмайды.

Аэродромның (әуежайдың) белгіленген нормалар мен талаптарға сәйкестігін бағалау жаңадан салынған, қайта жаңартылған немесе техникалық (технологиялық) жағынан қайта жарақтандырылған аэродромды (әуежайды) пайдалану қабылдау жағдайларына міндетті түрде жүргізілуі тиіс.

5.1.5. Сертификаттау және мемлекеттік тіркеу аэродромды (әуежайды) пайдаланушының өтініші бойынша жүргізіледі.

5.1.6. Сертификат (куәлік) аэродромның (әуежайдың) әуежай қызметіне жататын жұмыстар мен қызмет көрсетулердің түрлерін жүзеге асыру үшін белгіленген мемлекеттік талаптарға (жарамдылық нормаларына) сәйкестігін к у ә л а н д ы р а д ы .

5.1.7. Аэродром (әуежай) тек қана оны пайдаланушыда арнаулы пайдалану ережелері қоса берілген тиісті сертификат (куәлік), сондай-ақ мемлекеттік тіркеу туралы куәлік болған кезде әуе тасымалын және басқа да авиациялық жұмыстарды жүзеге асыру үшін пайдаланыла алады. Сертификаты мен мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі жоқ немесе оның қолданылу мерзімі аяқталған аэродромды (әуежайды) пайдалануға, сондай-ақ ондағы көрсетілген сипаттамалар өзгерген кезде жол берілмейді.

Арнаулы пайдалану ережесі әуе кемелерінің ұшуы өндірісіне, әуе тасымалдарын немесе авиациялық жұмыстарды жүзеге асыруға жататын аэродромдарға (әуежайға) арналған құқықтарды рұқсат ету мен шектеуді а й қ ы н д а й д ы .

5.1.8. Сертификат пен мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің иесі бұл құжаттарды басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерге (заңды немесе жеке тұлғаларға) пайдалануға бермеуі тиіс.

5.1.9. Сертификаттың (куәліктің) иесі оны пайдаланудың бүкіл кезеңінің ішінде аэродромның (әуежайдың) жарамдылықтың белгіленген талаптары мен нормаларына сәйкес келуін қамтамасыз етеді және ол үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауаптылықта болады.

5.1.10. Аэродромды (әуежайды) пайдаланушы оны пайдалану кезеңінде:

а) олар белгіленген мерзімдерде әуежайдың қызметіндегі анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою мақсатында мемлекеттік қадағалау органдары мен сертификаттау жөніндегі органның ұйғарымын орындауы.

б) әуежай қызметіне қатысты жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындауы кезінде ұлттық стандарттарда, салалық нормалар мен тәртіптерде белгіленген талаптар мен ережелердің орындалуын қамтамасыз етуі;

в) барлық жоспарланып отырған және пайдалану кезеңінде болған, аэродромды (әуежайды) сертификаттауды және мемлекеттік тіркеуді жүргізу кезінде ұсынылған құжаттамаларға енгізілген техникалық өлшемдер мен сапалық көрсеткіштердегі өзгерістер туралы сертификаттау жөніндегі органға хабарлауы;

г) әуежайдың қызметтеріне, учаскелеріне және басқа да бөлімшелеріне, оның мердігерлік және қоса мердігерлік ұйымдарына олардың әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз етудің, жолаушылар мен клиенттерге қызмет көрсетудің белгіленген талаптары мен ережелерін орындауы жөнінде ұдайы тексерулер жүргізуі;

д) әуежайда қолданылып жүрген талаптарға сәйкес келмеушілік байқалған кезде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шектеу енгізуі және ол туралы сертификаттау жөніндегі органға хабарлауы;

е) аэроұшу ақпараттары жөніндегі ұсынылатын деректердің аэродромның (әуежайдың) іс жүзіндегі сипаттамасы мен өлшемдеріне сәйкес келуін қамтамасыз е т у і т и і с .

5.1.11. Қазақстан Республикасының азаматтық және экспериментальдық авиацияларының аэродромдары (әуежайлары) туралы мәлімет Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі бекітетін аэродромдардың (әуежайлардың) мемлекеттік тізілімінде қалыптастырылады.

5.2. Пайдалануға рұқсат ету

5.2.1. Аэродромды пайдалануға оның жарамдылығы туралы пайдалану сертификаты (куәлігі) мен мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алынғаннан кейін р ұ қ с а т е т і л е д і .

Аэродромды пайдалануға рұқсат ету үшін оның аэродромдардың пайдалануға жарамдылығы нормасына сәйкес келетіндігі және әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндігі алдын ала белгіленуі тиіс.

5.2.2. Әуе кемелерінің халықаралық ұшуын жүргізуге арналған аэродром (әуежай) ашу туралы шешімді кеден, шекара органдарымен және санитарлық қадағалау органдарымен келісілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

Аэродромдардың (әуежайлардың) технологиялық жарақтандырылуының нормалары мен олардың халықаралық ұшуды қамтамасыз етуге дайындаудың тәртібі көрсетілген органдардың нормативтік-құқықтық актілерімен белгіленеді.

5.3. Әуежай қызметін лицензиялау

5.3.1. Қазақстан Республикасының әуежайларына әуе кемелеріне, жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетуге байланысты әуежай қызметін заңды және жеке тұлғалар (лицензиат) оған уәкілетті мемлекеттік орган (лицензиар) беретін арнаулы рұқсаттың (лицензияның) негізінде ғана жүзеге асырылады.

5.3.2. Әуежай қызметін лицензиялау Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Жолаушылар мен жүктерді әуе көлігімен тасымалдауды және Қазақстан Республикасының әуежайларында әуе кемелеріне, жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетумен байланысты әуежай қызметін лицензиялау туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

5.3.3. Әуежай қызметін лицензиялауды, сондай-ақ лицензиаттардың лицензиялық құқықтарды сақтауына бақылау жасауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі немесе ол уәкілеттендірілген орган болып табылады.

5.3.4. Әуежай қызметін лицензиялау әуежайларды пайдаланушылар өтініштерінің, сондай-ақ мердігерлік немесе қоса мердігерлік негізде жекелеген, сыртқы органдарының атқаруы үшін рұқсат етілген, әуежай қызметіне жататын жұмыстар мен қызмет көрсетулердің түрлерін орындауға тілек білдірген заңды және жеке тұлғалардың өтінішінің негізінде жүргізіледі.

5.3.5. Әуежайды пайдаланушының мердігерлік немесе қоса мердігерлік негізде сыртқары ұйымдарға, егер олардың жұмыстар мен қызмет көрсетулердің осы түрлеріне ресімделген лицензиялары болмаса әуежай қызметіне жататын жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындауды беруге құқығы жоқ.

5.3.6. Әуежайларды пайдаланушылар бір мезгілде қызметтің осы түрлері үшін белгіленген тәртіппен ресімделген, кәсіпкерлік қызметтің басқа да түрлеріне арналған лицензияларға ие бола алады.

5.3.7. Лицензия әуежайды пайдаланушыны қажетті сертификаттары, куәліктері, техникалық төлқұжаты, формулярлары және әуе кемелерін, үйлерді, ғимараттарды, жабдықтарды, техникалық құралдарды және өз объектілерінің басқа да қондырғыларын пайдалану жөніндегі қолданылып жүрген стандарттарда, нормаларда және ережелерде көзделген басқа да құжаттары болуы міндетінен босатпайды.

5.3.8. Лицензияларды басқа заңды немесе жеке тұлғаларға пайдалану үшін беруге жол берілмейді.

6-тарау. Әуежайды дамытуды ұйымдастыру

6.1. Дамытуды ұйымдастырудың негізгі ережелері

6.1.1. Әуежайды дамытуды ұшудың қауіпсіздігі мен тұрақтылығын, әуе кемелеріне, жолаушыларға қызмет көрсетудің, жүктерді өңдеудің, әуежайдың аймағындағы экологиялық жағдайды жақсартудың сапасы мен тиімділігін

қамтамасыз етудің қолданылып жүрген талаптарымен және стандарттарымен әуежай орындаған немесе жоспарлап отырған көліктік және коммерциялық қызмет көрсетулердің көлеміне олардың сәйкес келуін қамтамасыз етуге бағытталған әуежайдың жекелеген үйлері мен ғимараттарының қуатын (өткізу қабілетін) арттыру процесі ұғылады.

6.1.2. Әуежайды, оның үйлері мен ғимараттарын перспективалық дамытудың қажеттілігін негіздейтін негізгі құжаттар:

а) әуежайдың жекелеген кешендерін, үйлерін және ғимараттарын дамытуды бас жоспары немесе кестесі;

б) әуежайды (немесе жекелеген кешендерді, үйлерді және ғимараттарды) дамытудың техникалық-экономикалық негіздемесі (ТЭН);

в) әуежайды (немесе оның жекелеген үйлері мен ғимараттарын) дамытудың бизнес-жоспары немесе дамытудың инвестициялық жоспары (бағдарламасы) болып табылады.

Әуежайды дамытудың бас жоспарын, кестесін және ТЭН-ін мұндай жұмыстарды жүргізуге тиісті лицензиясы мен тәжірибесі бар құзыретті орган әзірлеуі тиіс.

6.1.3. Өндірістік қорлары пайдалануға енгізудің тиімділігін бағалау әуежайды дамытудың ТЭН міндетті бөлімі болып табылады. Өндірістік қуаттардың өсуі, әуежайдың жарактандырылуының, әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз етудің талаптары мен ережелеріне сәйкес келуі, негізгі өндірістік қорларды пайдалануға енгізудің экономикалық тиімділігі талданады. Әуежайды дамыту жөніндегі жұмыстарды жүргізудің қажеттілігін бағалаудың өлшемі ретінде күрделі салымдардың, пайдалану кірістерінің, шығыстарының, пайдаланудың және инфляция қарқынының серпінін ескеру арқылы инвестициялардың өзін өзі ақтау мерзімін алған жөн. Тәуекел факторларына талдау жасау үшін жобаны (жоспарды) жүзеге асыру жағдайының белсенді және салғырт болжамдарын ескеретін шығу деректерінің әртүрлі жиынтықтары бар есептердің бірнеше нұсқалары әзірленеді.

6.1.4. Республикалық және аймақтық әуежайларда өкіметтің жергілікті аймақтық атқарушы органдарымен (облыстық әкімшілікпен) келісілген, меншік иесі немесе ол уәкілеттік берген орган және әуежайды пайдаланушы бекіткен, 5 жылда бір рет түзетуге және нақтылауға жататын 20 жылға арналған үйлер мен ғимараттарды перспективалық дамыту бар әуежайдың бас жоспары болуы тиіс.

Бұл бас жоспарлардың, кестелердің және ТЭН-нің көшірмелері оларды өзгерту және түзету жөнінде қабылданған шешімдер әзірленетін Қазақстан Республикасының авиациялық көлік желілерін дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың жобаларына енгізудің мүмкіндігі мәселелерін пысықтау және оларды жүзеге асыруға мемлекеттік және басқа да инвестицияларды тарту үшін

әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі комитетіне, сондай-ақ өкіметтің жергілікті аймақтық атқару органдарына ұсынылуы тиіс.

6.1.5. Әуежайды пайдаланушы авиатасымалдаушылардың, мердігерлік және басқа ұйымдардың объектілерін қоса алғандағы өзіне бекітілген аумақта орналасқан (жаңадан орналасқан) объектілердің үйлерінің, ғимараттарының және жабдықтарының құрылысына, қайта жаңартылуына және пайдалануда ұсталуына бақылау жасауда айрықша құқыққа ие болады.

6.1.6. Белгілі бір аумақта әуежайдың объектілерін орналастыру, тұрғын үй және өзге де құрылыстарды дамыту әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін, әуежайдың қоршаған ортаны қорғаудың, қалаларды (елді мекендерді) жоспарлаудың және құрылысын салудың практикасының белгіленген талаптары бар қаланы құраушы кешеннің құрамдас бөлігі ретіндегі толықтай үйлесуін қамтамасыз етуі тиіс.

Әуежайға баратын жолдарды дамыту, қайта жаңарту, қолайлыландыру және пайдалану, бұл жолдардағы жолаушылар көліктерінің қозғалысын реттеу, сондай-ақ қалалар мен басқа да елді мекендердің әуежаймен телефон байланысы мәселелері қолданылып жүрген заңдардың ережелеріне сәйкес Үкіметтің жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп шешіледі.

Әуежайдың қауіпсіз жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ету мақсатында жер учаскелерін оқшаулау мен бөлу қолданылып жүрген заңдар мен құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

6.1.7. Әуежайларда, оның жекелеген объектілерінде және оған жалғас аумақтарда шулы әсер етулерден, сәулеленудің арнаулы түрлерінен (СВЧ, электромагнитті және басқалары) қорғауды, атмосфералық ауаны ластанудың жылжымалы және стационарлық көздерінен қорғауды, топырақты, өсімдіктерді, жануарлар әлемін, су айқындарын және басқа да объектілерді қорғауды қамтитын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралар көзделуі тиіс. Ластану аймақтары мен көрсеткіштерін айқындаудың тәртібі, сондай-ақ әзірленетін қорғау шаралары қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданылып жүрген заңдармен, сондай-ақ басқа да нормативтік құқықтық актілердің тиісті стандарттарымен, нормаларымен, ережелерімен және талаптарымен айналынады.

Әуежайды пайдаланушыда іс жүзіндегі ластану көрсетілген экология мәселелері жөніндегі барлық қажетті құжаттар (экологиялық төлқұжат, шекті жол берілетін шығарулар мен тастаулардың нормативтері, акустикалық төлқұжат және с.с.) болуы тиіс.

Әуежайдың аумағында өзінің өндірістік-техникалық қуаттары бар заңды және жеке тұлғалар өзінің учаскесіне, орналасқан үйі мен ғимараттарына арналған қажетті экологиялық құжаттарының болуын, қорғау шараларын жүргізуді

камтамасыз етеді. Әуежайларды пайдаланушылар мұндай тұлғалардың қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі қызметін бақылау жасауға міндетті.

6.2. Дамытуды қаржыландыруды ұйымдастыру

6.2.1. Әуежайларды дамытуды қаржыландырудың көздері:

а) пайдаланушының белгіленген тәртіпте қалыптастырылған жарғылық капиталын, негізгі қаражатты қалпына келтіруге (реновациялауға) арналған амортизациялық аударымдар қорларын, кәсіпорынның иелігінде қалған пайданы қ а м т и т ы н ө з қ а р а ж а т ы ;

б) шарттық және әдетте қайтарымды негізде, оның ішінде банктік несиелер, заемдар, вексельдер нысанында инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру үшін арналған отандық және шетелдік жеке және заңды тұлғалардың (инвесторлардың) тартылған және заемдық қаражаты;

в) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламаларына кіргізілген авиациялық көлік желілерін дамыту шараларын жүзеге асыру үшін бөлінген республикалық және муниципальдық (аймақтық) бюджеттердің, сондай-ақ тиісті мақсатты бюджеттен тыс қорлардың немесе сыртқы инвестициялардың қаражаты ;

г) акционерлік қоғамдар акцияларының эмиссиясы, облигациялық заемдар шығару жөніндегі шараларды белгіленген тәртіппен жүзеге асырудан және басқа да жүзеге асырылған шаралардан алынған қаражат болып табылады.

6.2.2. Меншік иесінің немесе ол уәкілеттендірген органның шешімі бойынша әуежайларды дамыту бағдарламаларын жүзеге асыруға мемлекеттік емес инвестицияларды т а р а т у д ы ң :

а) әуежайлардың акциялар пакетінің бөліктерін инвестициялық конкурста немесе аукционда оны жекешелендіру жоспарын жүзеге асырудың шеңберінде с а т у д а н ;

б) акционерлік әуежайдың жарғылық капиталын арттыру кезінде акциялар пакеттерін олардың эмиссиясы шеңберінде сатудан;

в) конкурстық сатудан, лизингке, жалға, концессияға беруден, әуежайдың жекелеген объектілерін немесе кешендерін, мысалы терминалдық кешендерді, қызмет көрсету салалары объектілерін және с.с. (жекешелендіруге жатпайтын, ұшудың қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты немесе иелік ету әуежайдың жұмыс істеу процесіне технологиялық монополизмге әкеп соқтыруы мүмкін болатын объектілерден басқа) кейіннен ұзақ мерзімдік жалға беру арқылы кеңейту және құрылыс салу құқықтарын беруден;

г) әуежайды немесе оның жекелеген кешендерін басқаруға арналған келісім-шарттар жасасудан алынған негізгі нысандар да пайдаланылуы мүмкін.

6.2.3. Әуежайды дамытуды қаржыландырудың мүмкін болатын көздерін қарау кезінде әртүрлі көздерден аралас қаржыландыруды нысанаға алған жөн.

6.2.4. Шетелдік инвесторларды тарату Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7-тарау. Әуежайларды пайдаланушылардың авиатасымалдаушыларымен және басқа клиенттермен өзара қатынасы

7.1. Авиатасымалдаушылардың әуежайдың объектілерін кіру құқығы

7.1.1. Әуежайды пайдаланушы оларда бар лицензиялардың негізінде әуетасымалдарын жүзеге асыратын, меншіктің барлық нысанындағы авиатасымалдаушыларға бірдей кіру және бірдей қызмет жағдайы құқығын қамтамасыз етуге, оның ішінде қолда бар өндірістік қуаттар мен әуежайдың мүліктік кешенін тиімді пайдалану шарттарын ескере отырып тасымалдауларды ұйымдастыру мен орындау үшін қажетті ақпарат беруге, сапарлар бойынша тіркеу, жинақтау, жолаушылар мен олардың жүгін әуе кемесіне жеткізу және отырғызуға арналған технологиялық жарактандырылған жұмыс орындары мен басқа да өндірістік қуаттарды, жүктерді қабылдауға және өңдеуге арналған алаңдар мен терминалдардағы бөлмелерді (басқа үй-жайлардағы), ЖЖМ мен арнаулы сұйықтарды сақтауға және оларды әуе кемелеріне құюға арналған ғимараттар мен сыйымдылықтарды, жабдықтарды, арнаулы көлікті, ангарларды, әуе кемелерінің тұратын орындарын, қонақ үйлер мен профилакторийлардан орындары, әуежайдың аумағындағы жер учаскелерін пайдалануға (тапсырыс бойынша) ұсынуға міндетті.

Мұндай шектеулер тасымалдаулардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдардың талаптарына, форс-мажорлық жағдаяттарға қатысты жағдайлардан басқада кемісітушілік экономикалық ықпал ету және авиатасымалдаушылардың коммерциялық құқықтарын жүзеге асыруға арналған шектеулер шараларын енгізуге жол берілмейді.

7.1.2. Әуежайды пайдаланушы тиісті рұқсаттары (сертификаттары мен лицензиялары) болған кезде және авиатасымалдаушымен шарттың негізінде оның жолаушыларға қызмет көрсету, жүктерді қабылдау және өңдеу жөніндегі уәкілетті өкілі бола, сондай-ақ авиатасымалдаушы (әуе кемелерін пайдаланушы) қамтамасыз етуі тиіс басқа да жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындай алады.

7.1.3. Авиатасымалдаушының әуежайды пайдаланушымен келісімсіз әуежайдың пайдаланылатын мүлкін басқа заңды және жеке тұлғаларға беруіне ж о л б е р м е й д і .

7.1.4. Әуежайды пайдаланушы әуе кемелерін қабылдау, жөнелту жөніндегі технологиялық байланыстарды қамтамасыз ету мақсатында авиатасымалдаушылармен (әуе кемелерін пайдаланушылармен) қызмет көрсетулердің тізбесі мен тәртібі және тараптардың жауаптылығы белгіленетін

ш а р т ж а с а с а д ы .

Шарт жасасушы тараптардың әуе тасымалдарын қамтамасыз етуге жұмылдырылған барлық қызметтері әуежайдың өндірістік-диспетчерлік қызметімен жедел іс-қимылда болады. Тараптар әуе кемелеріне, жолаушыларға жедел қызмет көрсетудің, почтаны, багажды, жүктерді өңдеудің және шаруашылық қызметінің басқа да түрлерін орындаудың әуежайды пайдаланушы бекіткен немесе онымен келісілген технологиясын пайдаланады.

Шарттың талаптарымен әуежайды пайдаланушы әуежайдың кез келген аймағына, оның ішінде клиент пайдаланатын (жалға алған) өтудің (барудың), қажетті ақпараттар ұсынудың құқығы мен тәртібін, сондай-ақ пайдаланушылардың (жалға алушылардың) әуе тасымалын, объектілердің режимділігін, қоршаған ортаны қорғауды және әуежайдың мүлкін пайдалануды қамтамасыз етуге қатысты қолданылып жүрген ережелерді, нормаларды, тәртіптерді және басқа да талаптарды орындауын инспекциялаудың шарттарын белгілейді.

7.2. Әуежайлық алымдар мен тарифтерді белгілеу

7.2.1. Әуе тасымалдарына жерде қызмет көрсетуге арналған әуежайлық алымдар мен тарифтерді Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитет қолданысқа енгізген бірыңғай әдістемелікке сәйкес әуежайды пайдаланушы айқындайды және олар авиатасымалдаушыларға (әуе кемелерін пайдаланушыларға) қызмет көрсетілетін әуе кемелерінің үлгісіне, көрсетілетін қызметтің тізбесі мен көлеміне қатысты бірыңғай шарттарда қ о л д а н ы л а д ы .

7.2.2. Қазақстан Республикасының әуежайлары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 13 мамырдағы N 828 Р970828_ қаулысына сәйкес " шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополияшылар" санатына жатқызылғандығы ескеріле отырып әуежайды пайдаланушының баға саясатын мемлекеттік реттеу мен олардың алымдар мен тарифтерді белгілеу мен қолдануының дұрыстығына бақылау жасау Қазақстан Республикасының табиғи монополияшылары үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

7.2.3. Әуежайдың мүлкін авиатасымалдаушыларға (әуе кемелерін пайдаланушыларға) және басқа да клиенттерге пайдалануға, жалға және басқа да заңды негіздерде беруді шартты талаптармен әуежайдың шығындарын өтеудің және пайдаланылған мүлікті қалпына келтірудің қажеттілігіне негізделген ақыға әуежайды пайдаланушы жүргізеді.

7.3. Авиатасымалдаушыларға уақытша аралық уақыттар бөлу.

Үйлестірілетін әуежайлар

7.3.1. Әуежайды пайдаланушы авиатасымалдаушымен келісім бойынша объектілер мен әуежай қызметтерінің өткізу қабілетін және олардың іс жүзіндегі

атқаратын жұмыстарын ескере отырып оның әуе кемелеріне қызмет көрсетудің (келуінің/ұшуының) уақытша аралық уақыттарын айқындайды.

7.3.2. Әуежайды пайдаланушыға әуе тасымалдарын және әуе кемелерінің басқа ұшуларын қамтамасыз етуге шарттар жасасу мәселелерімен бір мезгілде бірнеше авиатасымалдаушылар өтінім жасаған кезде әуежайда өтінімдерді қ а н а ғ а т т а н д ы р у д ы ң :

а) төтенше жағдайлар мен табиғи зілзалаларды жою мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің жедел тапсырмалары бойынша;

б) белгіленген тәртіппен енгізілген ұшулар кестесіне сәйкес және әуе қатынастары туралы үкіметаралық шарттарға сәйкес жолаушылар мен жүктерді х а л ы қ а р а л ы қ т а с ы м а л д а у к е з і н д е ;

в) белгіленген тәртіппен енгізілген ұшулардың кестесіне сәйкес жолаушылар мен жүктерді Қазақстан Республикасының аймақаралық (облысаралық) авиажелілерінде т а с ы м а л д а у к е з і н д е ;

г) әуе қатынасы туралы үкіметаралық келісімдерге сәйкес жолаушылар мен жүктерді чартерлік негізде х а л ы қ а р а л ы қ т а с ы м а л д а у к е з і н д е ;

д) кестеге сәйкес жолаушыларды жергілікті (облыс ішіндегі) әуе жерлерінде тұрақты т а с ы м а л д а у д ы ж ү з е г е а с ы р у к е з і н д е ;

е) басқа да мақсаттарда орындалатын жоспарланған ұшуларға (авиасапарларға) қызмет көрсетудің уақытша аралық уақытының кезектілігі қ а м т а м а с ы з е т і л у і т и і с .

7.3.3. Авиатасымалдаушыға олар әуе кемелеріне қызмет көрсету үшін сұраған уақытша аралық уақыттарды берудің мүмкіндігі болмаған жағдайда әуежайды пайдаланушы авиатасымалдаушы үшін қолайлы басқа ең таяу уақытша аралық у а қ ы т т ы ұ с ы н у ғ а м і н д е т т і .

Егер әуежайды пайдаланушы мен авиатасымалдаушының арасында уақытша аралық уақыт бөлу жөніндегі өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмесе, онда мүдделі тараптардың қатысуымен шиеленіскен жағдайды Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі комитеті қарайды және түпкілікті ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

7.3.4. Егер әуежайдағы операциялардың жартысынан астамын жүзеге асыратын авиатасымалдаушылар мен/немесе әуежайды пайдаланушы белгілі бір кезеңдерде әуежайдың өткізу қабілеті іс жүзінде орындалатын немесе жоспарланатын операциялар үшін жеткіліксіз болып табылады, ал жаңа (аталған әуежайдағы) авиатасымалдаушылар қолайлы уақытша аралық уақыт алуда айтарлықтай проблемаларды бастан өткеруде деп есептеген жағдайда, жоғарыда көрсетілген авиатасымалдаушылардың сұранысы бойынша Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитет әуежайдың өткізу қабілетіне талдау жүргізуді ұйымдастырады, он арттырудың мүмкіндіктерін

айқындайды және тиісті ұсыныс әзірлейді.

7.3.5. Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитет әуежайдың артық жұмыс істеуі проблемаларын қысқа мерзімдерде шешудің мүмкіндігі болмаған кезде талдау нәтижелерінің негізінде, мүдделі тараптардың келісімімен әуежайды аталған әуежайда өткізу қабілетіне байланысты проблемалар пайда болған уақытаралығына үйлестірілетін деп жариялай алады, содан кейін әуежайдың тәуелсіз үйлестірушісін (авиажелілеріндегі кестені үйлестіру проблемаларын кәсіби білетін заңды немесе жеке тұлғалар) тағайындайды, мүдделі тараптардың қатысуымен әуежайда үйлестіру кеңесін (консультациялық орган ретіндегі) құруды қамтамасыз етеді, үйлестірушілер мен үйлестіру кеңесінің жұмыс регламентін бекітеді.

8-тарау. Әуежайларды пайдаланушылар бірлестігі

8.1. Қазақстан Республикасының әуежайларды пайдаланушылары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (110-бап) сәйкес, олардың кәсіпкерлік қызметін үйлестіру, сондай-ақ ортақ мүліктік мүдделерді беру және қорғау мақсатында өздерінің арасындағы шарт бойынша Қазақстан Республикасы әуежайларды пайдаланушыларының ассоциациясын құра алады.

8.2. Қазақстан Республикасының әуежайларды пайдаланушыларының ассоциациясы коммерциялық емес ұйым болып табылуы тиіс, оның мүшелері дербестігі мен заңды тұлға құқығын сақтауы тиіс. Ассоциация өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермеуі тиіс. Ассоциацияның мүшелері құрылтай құжаттарында көзделген мөлшерлерде және тәртіппен оның міндеттемелері бойынша субсидарлық жауаптылықта болуы қажет.

8.3. Әуежайларды пайдаланушылар мақсаты мен міндеттері әуежайдың қызметіне сәйкес келетін басқа да бірлестіктерге кіре алады.